

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.15.47

<https://orcid.org/0000-0001-5080-5817>

e-mail: kmdbbeibit@mail.ru

ОРЫНБОР МҮФТИЛІГІНІҢ ДІН КАДРЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Мырзагелдиев Бейбіт

PhD доктор, Евразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан

تجربة تعيين الكوادر الدينية من قبل الجمعية الدينية الإسلامية في أورينبورغ

بييت ميرزاغيلديف

دكتوراه (PhD)، الجامعة الوطنية الأوراسية باسم ل. ن. غوميليوف،
أستانا، كازاخستان

THE EXPERIENCE OF APPOINTING RELIGIOUS PERSONNEL BY THE ORYNBOR MUFTIYAT

Beibut Myrzageldiev

PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

ОПЫТ НАЗНАЧЕНИЯ РЕЛИГИОЗНЫХ КАДРОВ ОРЕНБУРГСКИМ МУФТИАТОМ

Бейбит Мырзагельдиев

PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва,
г. Астана, Казахстан

Аннотация. Бұл мақалада патшалық Ресей тұсында құрылған Орынбор мұфти-лігінің діни кадрларды тағайындау тәжірибесі жан-жақты зерттеледі. Автор ОМДБ-ның құрылу себептері мен оның отарлық саясаттағы рөлін саралап, діни кадрларды іріктеу мен тағайындау тәртібін көрсетеді. Молдалар мен ұстаздарға қойылған талап-тар, олардың діни білім деңгейін анықтау тәсілдері, сынақ жүргізу тәртібі баяндалады. Татар және башқұрт молдаларының қазақ даласындағы қызметі мен олардың әкімшілік

мақсаттарға пайдалану тәжірибесі талданады. Сонымен қатар, патша билігінің діни кадрларды марапаттау және бақылау саясатының ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада ислам діні мен әкімшілік құрылым арасындағы өзара ықпал, дін иелерінің дәстүрлі рухани көшбасшы ретіндегі рөлінен айырылып, саяси құралға айналуы көрсетілген. Зерттеу нәтижесі ОМДБ-ның қазақ қоғамындағы діни және саяси процестерге ықпалын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: Орынбор мұфтилігі, діни кадрлар, патшалық Ресей, молда, ахун, мухтасиб, отарлық саясат, ислам, қазақ даласы, діни басқару

ملخص: تتناول هذه الدراسة بشكل شامل تجربة تعيين الكوادر الدينية من قبل الجمعية الدينية الإسلامية في أورينبورغ خلال فترة روسيا القيصرية. يقوم المؤلف بتحليل أسباب تأسيس الجمعية ودورها في السياسة الاستعمارية، بالإضافة إلى نظام اختيار وتعيين رجال الدين. كما تسلط الدراسة الضوء على الشروط المفروضة على المرشحين لمنصب الملا والمعلم، وطرق اختبار تأهيلهم الديني، ونظام إجراء الامتحانات. وتناقش أنشطة الملالي التتار والباشكير في سهوب الكازاخ ودورهم في الأغراض الإدارية. علاوة على ذلك، يتم تحليل سياسة السلطات في مراقبة وتشجيع الكوادر الدينية. تبين الدراسة التداخل بين الإسلام والنظام الإداري، وكيف فقد رجال الدين دورهم كقادة روحيين ليصبحوا أدوات للسلطة السياسية. وتساهم نتائج هذا البحث في فهم أعمق لتأثير الجمعية الدينية الإسلامية في أورينبورغ على العمليات الدينية والاجتماعية والسياسية في المجتمع الكازاخ. الكلمات المفتاحية: الجمعية الدينية الإسلامية في أورينبورغ، الكوادر الدينية، روسيا القيصرية، ملا، آخوند، محتسب، السياسة الاستعمارية، الإسلام، سهوب الكازاخ، الإدارة الدينية

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the experience of appointing religious personnel by the Orenburg Mohammedan Spiritual Assembly during the period of Tsarist Russia. The author analyzes the reasons behind the establishment of the OMSA and its role in the colonial policy, as well as the procedures for selecting and appointing religious officials. The article highlights the requirements for candidates for the positions of mullahs and teachers, methods for assessing their religious training, and the process of conducting examinations. It also explores the activities of Tatar and Bashkir mullahs in the Kazakh steppe and their use for administrative purposes. Furthermore, the article analyzes the authorities' policies for controlling and encouraging religious personnel. It reveals the interaction between Islam and the administrative system, showing how religious figures lost their roles as spiritual leaders and became instruments of political power. The findings offer a deeper understanding of the impact of the OMSA on religious and socio-political processes in Kazakh society.

Keywords: Orenburg Mohammedan Spiritual Assembly, religious personnel, Tsarist Russia, mullah, akhun, muhtasib, colonial policy, Islam, Kazakh steppe, religious administration

Опыт назначения религиозных кадров Оренбургским магометанским духовным собранием

Аннотация. В данной статье всесторонне исследуется опыт назначения религиозных кадров Оренбургским магометанским духовным собранием в период царской России. Автор анализирует причины создания ОМДС и его роль в колониальной политике,

а также порядок отбора и назначения религиозных служителей. Освещаются требования, предъявляемые к кандидатам в муллы и учителя, методы проверки их религиозной подготовки и порядок проведения экзаменов. Рассматривается деятельность татарских и башкирских мулл в казахской степи и использование их в административных целях. Кроме того, анализируется политика властей по контролю и поощрению религиозных кадров. В статье показано взаимовлияние между исламом и административной системой, а также то, как религиозные деятели утратили роль духовных лидеров, став инструментами политической власти. Результаты исследования позволяют глубже понять влияние ОМДС на религиозные и социально-политические процессы в казахском обществе.

Ключевые слова: Оренбургское магометанское духовное собрание, религиозные кадры, царская Россия, мулла, ахун, мухтасиб, колониальная политика, ислам, казахская степь, религиозное управление

The Experience of Appointing Religious Personnel by the Orenburg Muslim Spiritual Assembly

Annotation. This article comprehensively examines the experience of appointing religious personnel by the Orenburg Muslim Spiritual Assembly during the period of Tsarist Russia. The author analyzes the reasons for the establishment of the OMSA and its role in the colonial policy, as well as the procedures for selecting and appointing religious figures. The article highlights the requirements set for candidates for the positions of mullahs and teachers, the methods for assessing their religious knowledge, and the system of examinations. It also explores the role of Tatar and Bashkir mullahs in the Kazakh steppe and their use for administrative purposes. Furthermore, the state's policy of rewarding and controlling religious personnel is discussed. The article demonstrates the interaction between Islam and the administrative system, showing how religious leaders lost their traditional role as spiritual authorities and became tools of political power. The study results offer a deeper understanding of the OMSA's impact on the religious and socio-political processes in Kazakh society.

Keywords: Orenburg Muslim Spiritual Assembly, religious personnel, Tsarist Russia, mullah, akhun, muhtasib, colonial policy, Islam, Kazakh steppe, religious administration

ҚІРІСПЕ

Қазақстандағы діни басқару жүйесінің тарихи даму сатыларын зерделеу бүгінгі діни институттардың құрылымы мен қызметін терең түсіну үшін маңызды. Әсіресе, патшалық Ресей тұсындағы діни мекемелердің бірі Орынбормұфтилігі (ОМДБ) мұсылман халқы саналатын қазақ даласындағы діни басқарудың қалыптасуына тікелей ықпал етті. Бұл мекеме арқылы патша үкіметі ислам діні мен діни ка-

дрларды орталықтандырылған әкімшілік жүйеге бағындыруды мақсат етті. Орынбор мұфтилігінің тарихын зерттеу барысында оның тек діни мекеме емес, сонымен қатар отарлық биліктің құралдарының бірі ретінде қызмет атқарғанын байқауға болады. Бұл басқарма дін қызметкерлерін тағайындау, марапаттау және бақылау арқылы діни кадрлар жүйесін қалыптастырып, олардың патша әкімшілігіне адалдығын қамтамасыз етуге

тырысты. Діни кадрлардың тағайындалу тәртібі мен жүйесі тек діни мақсаттарды көздеген жоқ, ол сонымен қатар патшалық саясаттың идеологиялық тетігі болды. Татар, башқұрт молдаларының қазақ ауылдарына тағайындалуы, оларға берілген мемлекеттік марапаттар мен құқықтар – діни кадрлар арқылы басқару тәжірибесінің кеңінен қолданылғанының айғағы.

Қазіргі кезде діни кадрларды тағайындау процесінің тарихи негіздерін, оның әлеуметтік және саяси салдарларын түсіну арқылы діни институттардың құрылымдық ерекшеліктерін ұғыну өзекті. Өйткені, бұл тақырып Қазақстандағы зайырлы мемлекет пен діни институттар арасындағы қарым-қатынас мәселелерін тарихи тұрғыда бағамдауға мүмкіндік береді. Осыған орай, мақалада Орынбор мүфтилігінің діни кадрларды тағайындау тәжірибесіне терең үңіліп, оның жүйесін, ерекшеліктерін және қазақ даласындағы ықпалын ашып көрсету көзделді.

ӘДІСНАМА

Мақалада тарихи-аналитикалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Зерттеу барысында Ресей империясының мұрағат құжаттары, ғылыми әдебиеттері мен заңнамалық актілері кешенді түрде талданды. Орынбор мүфтилігінің қазақ даласындағы діни кадрларды тағайындау тәжірибесін анықтау және оның отарлық саясаттағы рөлін ашу басты мақсат ретінде қойылды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Патшалық Ресей XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам

дініне деген көзқарасын түбегейлі өзгертіп, мұсылман халықтарға қатысты саясатын жаңаша бағытта жүргізе бастады. Атылмыш саясаттың негізінде империялық қауіпсіздік, территориялық тұтастықты сақтау және ұлттар мен діндер арасындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету идеясы жатты. Билік исламды басып-жаншу емес, оны бақылау және өз пайдасына жарату жолын таңдады. Осы бағыттағы алғашқы ірі қадам 1788 жылы Орынбор мүфтилігінің құрылуы болды [1].

II Екатерина билікке келгенге дейін мұсылман халықтар отарлық қысымға ұшырап, христиан дінін қабылдауға мәжбүр болды. 1740 жылы құрылған «Новокрещенская контора» мұсылмандарды шоқындырумен айналысты. Алайда мұндай мәжбүрлі әрекеттер мұсылман халықтар арасында наразылық тудырып, бірнеше көтерілістерге себеп болды. Сонан соң II Екатерина 1764 жылы бұл мекемені таратып, діндерге қатысты саясатты жұмсарту бағытын ұстанды. 1773 жылы жарияланған «Барлық діндерге төзімділік туралы» жарлық мұсылман халықтарының діни өміріне еркіндік беруге бағытталды. Бұл құжатта әр ұлт пен дін өкілдерінің наным-сенімдеріне құрмет көрсету керектігі айтылып, ислам дініне ашық қарсылықты тоқтату көзделді [2].

Алайда бұл төзімділік сырттай формалды сипатта болғанымен, нақты мақсаты исламды мемлекет бақылауына алу еді. II Екатерина исламның қоғамдық өмірдегі рөлін мойындап, оны патша әкімшілігіне қызмет ететін жүйеге айналдыруды ұйғарды. ОМДБ құрылуы арқылы Ресей билігі ислам

дінінің ішкі құрылымына араласа бастады. Мүфтият патша жарлығымен тағайындалды, дін қызметкерлерінің кандидатуралары мемлекеттік органдар арқылы бекітілді. Бұл биліктің діни кадрлар саясатына тікелей араласуына мүмкіндік берді.

Патша үкіметі ислам дінінің қоғамдағы ықпалын шебер пайдалана отырып, мұсылман қауымын әкімшілік және идеологиялық тұрғыда басқаруға ұмтылды. Бұл саясаттың негізінде империя құрамындағы мұсылмандарды бақылауды және Орта Азия хандықтары мен Осман империясының ықпалын шектеу, сондай-ақ, мұсылман дінбасылары арқылы қоғамдық тәртіпті нығайтуды мақсат етті. Ресей шенеуніктері исламды өзге діндермен салыстырғанда тиімді әлеуметтік басқару құралы ретінде таныды. Қоғамдағы діни беделі жоғары молдалар мен ахундарды марапаттау арқылы патшаға адал қызметке тартты [3].

Қазақ даласы ислам дінін ерте қабылдағанымен, патша әкімшілігінің пікірінше, қазақтар «дінге немқұрайлы», «сауатсыз» деп сипатталды. Бұл ұстаным қазақтардың сенімін сырттай бақылап, исламды әкімшіл молдалар арқылы бағыттау саясатын жақсы негіздеме болды. Жергілікті дінбасыларды емес, Қазан, Уфа, Орынбордан келген кадрларды қолдау арқылы билік исламның формалды бағытын орнықтырып, оның мазмұндық ерекшелігін әлсіретуді көздеді. Соның айқын айғағы – Орынбор мүфтилігінің (ОМДБ) құрылуы патшалық Ресейдің мұсылман халқын тиімді басқару және идеологиялық ықпал ету саясатының нақты көрінісі.

XVIII ғасырдың соңында ислам дінінің империя аумағындағы беделі мен ролі күшейіп, оны бір орталықтан басқару қажеттілігі туындады. Бұл қажеттілік мұсылман қауымының ішкі діни бірлігінен қауіптену емес, керісінше оны формалды түрде ресмилендіріп, мемлекеттік бақылауға алу арқылы реттеуге негізделді. 1788 жылы II Екатерина жарлығымен құрылған ОМДБ осы мақсаттың жемісі болды.

Мүфтилік құрылымын енгізу арқылы патша әкімшілігі ислам дінін ресми мойындағанын білдіріп, мұсылман халықтың сеніміне ие болуды көздеді. Алайда бұл сырттай діни еркіндік сипат алғанымен, ішкі мазмұны жағынан билікке бағынышты құрылым еді. Оның басты міндеті – молдаларды бекіту, шариғи рәсімдерді қадағалау, мешіт салу ісін үйлестіру, діни дау-дамайларды реттеу және билікке адал қызмет ететін дінбасылар корпусын қалыптастыру болды [4].

ОМДБ-ны құру туралы ұсынысты алғаш болып Уфа мен Симбирск наместниктері және барон Игельстром білдірген. Бұл ұсыныс 1788 жылы қабылданып, оның негізінде Ресейдегі мұсылмандардың, соның ішінде қазақтардың да діни істерін бір орталыққа бағындыру діттелді. Мүфтилік арқылы указной молдаларының қазақ даласына жіберілуі исламды түркі-мұсылмандық үлгіде жүйелеу мен отарлық биліктің мүддесіне сай бағыттау әрекеті болды. Ресей әкімшілігі исламды бақылауға алу арқылы мұсылман халықтардың арасындағы саяси толқулар мен сыртқы діни әсерлерін тежеуді көздеді. ОМДБ сондай-ақ Ресейдің Осман империясы-

мен қарым-қатынасында діни ықпалға қарсы тұрудың да құралы болды. Осман сұлтанының «халиф» ретіндегі беделі орыс билігіне бағынышты мұсылмандар арасында да танылғысы келді. Осы тұрғыдан алғанда, Ресей өз ішіндегі ислам қауымына бөлек діни жетекшілік орнату арқылы Осман ықпалын азайтқысы келді.

ОМДБ-ның ұйымдастырушылық құрылымы ресейлік бюрократиялық модельге негізделіп жасалды. Мүфтияттың басында мүфти тұрды, ол патша әкімшілігінің мақұлдауымен тағайындалды. Мүфтидің негізгі көмекшілері қазилер, мухтасибтер және басқа да қызметтік тұлғалар болды. Бұл құрылым өз ішінде бірқатар діни және әкімшілік міндеттерді бөлуді көздеді, алайда басты ерекшелігі – діни лауазым иелерінің билікке толық тәуелділігі еді.

Мүфтияттың қабылдаған шешімдері мен бұйрықтары империялық мүддеге сай келуге тиіс болды. Молдаларды тағайындау ісі тек діни біліммен шектелмей, олардың саяси сенімділігі мен әкімшілікке адалдығына да ерекше мән берілді. Айта кететін жайт, қазақ даласына тағайындалған молдалар құрамы көбіне татарлар мен башқұрттардан құралғаны. Себебі олар бұрыннан Ресей ықпалында болғандықтан патша әкімшілігі саяси-діни жағынан икемді деп санады.

Мүфтияттың шеңберінде енгізілген марапаттау жүйесі де діни кадрларды ынталандыру мен бағыныштылықты күшейтудің бір тетігіне айналды. Діни қызметкерлерге шен, медальдар мен материалдық сыйақылар беру арқылы патша билігі олардың импе-

рия алдындағы лоялдылығын қамтамасыз етуге тырысты [3]. Бұл саясат нәтижесінде діни кадрлар дәстүрлі дін қызметшісі рөлінен әкімшілік шенеунік деңгейіне дейін көтерілді. ОМДБ-ның құрылымы дін мен билік арасындағы шекараны бұлдырлатып, дін иелерін ресми саяси жүйенің бір бөлшегіне айналдырды. Қазақ даласында бұл жүйе бұрынғы діни кадрлардың мәртебесін өзгертіп, сырттан келген молдалар арқылы отарлық басқару саясатының идеологиялық сүйенішіне айналды. Мүфтият дінді қоғамды рухани тұрғыдан басқару құралы ретінде ғана емес, әкімшілік тәртіпті сақтаудың тетігі ретінде қолданды.

Орынбор мүфтилігі арқылы діни кадрларды, әсіресе молдаларды тағайындау жүйесі – патшалық Ресейдің отарлық саясатының маңызды бір бағыты болды. Бұл жүйе арқылы патша үкіметі ислам дінінің беделін формалды түрде мойындай отырып, оның қызметкерлерін тікелей өз бақылауына алды. Молдаларды тағайындау тәртібі мен қойылатын талаптар діни ғана емес, саяси-әкімшілік талаптармен де тығыз байланысты болды. Молдалар көбіне жергілікті халық арасынан емес, Қазан, Уфа, Орынбор сияқты орталықтарда діни білім алған, ресми оқулықтарды игерген және патша билігіне сенімділік танытқан дін қызметкерлері арасынан таңдалды. Бұл үдеріс патшалықтың қазақ даласына ислам дінін енгізудің табиғи эволюциялық жолын емес, сырттан таңылған үлгіні күштеп ендіру саясатын ұстанғанын көрсетеді.

Молда болу үшін кандидаттың міндетті түрде діни сауаты, ресми

оқу орындарынан алынған білім куәлігі болуы керек еді. Сонымен қатар олардың саяси сенімділігі мен әкімшілікпен жұмыс істеуге бейімділігі бағаланды. Тағайындау тәртібі мүфтияттың тікелей қатысуымен жүргізілді. Мүфти мен казилер ұсынылған кандидаттарды тексеріп, олар жайлы мінездеме жинап, патша әкімшілігіне бекітуге жіберетін. Ресми молдаларға берілетін мәртебелер мен сыйлықтар да бұл жүйені тұрақты ұстауға бағытталды. Оларға арнайы мандаттар, метрикалық кітап жүргізу құқығы, кейде патшалық белгілерімен марапаттар беріліп отырды. Бұл жағдай молдалар мәртебесін тек діни емес, сонымен бірге әкімшілік құрылымда да жоғары деңгейге шығарды. Осы арқылы билік дін иелерін өзінің идеологиялық серіктесіне айналдырып, халықтың рухани санасына әсер ете алды. Бұл жағдай исламның тек сенім жүйесі емес, саяси-әлеуметтік бақылаудың құралы ретінде қолданылуына әкелді.

Орынбор мүфтилігі шеңберінде діни кадрлар құрылымы бірнеше маңызды лауазым иелерінен құралды. Олардың ішінде ең жиі кездесетін әрі халықпен тікелей жұмыс істеген тұлғалар *ахун*, *мұхтасиб* және *молла* лауазымындағы дін қызметкерлері болды. Бұл лауазымдар тарихи ислам дүниесінде де мәлім болғанымен, патшалық Ресей жағдайында олардың қызметтік сипаты мен функцияларында бірқатар ерекшеліктер қалыптасты.

Патшалық Ресей кезеңінде аймақтық беделді діни қызметкер *ахундар* саналды. «Ахун» атауы парсының «ахунд» сөзінен шыққан, түбірі

«оқыды, үйренді» дегенді білдіретін «хунд» сөзімен байланысты. «Ислам энциклопедиясында» бұл түбір түрік тіліндегі «аға» сөзімен де ұштасатыны айтылады [5]. Мұхан Исахан мен Хамид Алғар *ахун* атағы Әмір Темір дәуірінде қолданысқа енгенін, ал кейінірек қарапайым мұғалімдерге берілгенін атап өтеді. Сефевидтер кезінде *ахун* атағы философиялық білім иелеріне берілген, мысалы: Молла Садра Ширази. ОМДБ құрамында ахундар діни мектептерді, мешіттерді, азаншылар мен имамдарды бақылауға міндетті болды [4, 119 б.]. Ахундар өз өңіріндегі дін қызметкерлерінің білімін тексеріп, тағайындауға ұсыныс жасады. Бірақ шешімдер патша әкімшілігінің келісімімен қабылданды. Ахундардың кейде ОМДБ-ның мақұлдауын күтпей шұғыл жағдайларда шешім қабылдағаны белгілі. Орынборда 1785 жылы Мұхаммеджан Хұсайынов алғашқы ахун ретінде бекітілді, кейін ол мүфти лауазымына көтерілді [6]. «Аға ахун» дәрежесі ахундар санының өсуіне байланысты енгізілді [7]. Қазақ даласында ахундар жергілікті ақсүйектермен байланыста қызмет атқарды. Мысалы, Абдулфатих Абдусаламұлы байбакты руында молдалықтан ахундыққа дейін көтерілді. Жекелеген рулар мен сұлтандар қасында діни қызметкерлер ұстап, ахундар көбіне отарлық биліктің діни-әкімшілік талаптарын орындауға міндетті болды. Қызметте ерекшеленген имамдар мен ахундар әкімшілікке қолайлы жағдайда лауазымға жоғарылай алды. Бұл ахундардың қызметі мен билікке адалдығы үшін берілген марапаттың көрінісі болды.

ОМДБ құрылымындағы дін қызметкерлерінің бірі – *мухтасибтар* лауазымы. Ислам тарихындағы орнына тоқтала отырып, «мухтасиб» сөзі араб тіліндегі «хасиба» түбірінен туындаған, мағынасы – *есеп жүргізуші* екенін көреміз. Алланың «әл-Хасииб» есімі де «есеп беруші» деген мағына береді. Исламда «жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю» қағидасы маңызды орын алады. Бұл ұстаным бойынша әрбір мұсылман шариғатқа қайшы амалды көргенде оны түзетуге тырысуы тиіс. Құран Кәрімде: «Сендер, ең хайырлы үммет болып шығарылдыңдар. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыясыңдар және Аллаға ғана нақ сенесіңдер» (Али Имран 3/110) және «Мүмин ерлер мен мүмин әйелдер – бір-біріне көмекші. Олар жұртты жақсылыққа үндеп, жамандықтан сақтандырады. Намаздарын толық орындайды, зекет береді. Аллаға, Оның елшісіне бойсұнады. Алла оларға мейірім төгеді. Анығында, Алла – ұлы әрі данышпан» (Тәубе 9/71) деген аяттарда көрініс тапқан. Бұл ұстаным ислам қоғамының көптеген салаларын қамтиды. Оның ішінде сауда айналымындағы шариғатқа қайшы істерді болдырмас үшін де қолданылады. Ал мухтасиб осы саладағы жұмыстардың іске асуын қадағалайтын адамға айналған. Осы қағида негізінде мухтасиб шариғатқа сай қоғамды қадағалаушы ретінде қалыптасты. Мухтасибтің қызметі Мұхаммед пайғамбар заманынан бастау алады. Мәдина мен кейінгі қалаларда базарлардағы әділеттілікті қадағалау үшін арнайы тұлғалар тағайындалған.

Мәдина қаласында мұсылмандар келіп орнығып, мемлекеттік билікті тізгіңдей бастаған кезде базарлар мен сауда жасайтын орындарды бақылау қызметінің қажеттілігі туындаған. Хадиске сай «Мұхаммед пайғамбар үйіліп жатқан бидайдың қасынан өтіп бара жатып, оған қолын батырып көргенде қолына дымқыл дән тиген кезде сатушыдан неліктен бұлай деп сұрайды және сатушы жаңбырдан деп айтады. Сонымен қатар не себепті дымқыл бидайдың адамдарға көрінетіндей жоғары жағына қойылмағанын сұрады және «алдаушылар бізден емес» деді. Осы мақсатта пайғамбар Омарды ибн әл-Хаттабты Мәдине базарына, Меккенің басып алғаннан кейін Са'д ибн әл-'Аасты бақылаушы етіп тағайындалды» [8]. Ислам құқығында қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында хисба институты құрылды, бұл қызмет фард кифая ретінде міндеттелді [9]. Мухтасиб мемлекет тарапынан тағайындалып, саудада әділеттілікті, салмақ пен сапаны бақылаған және қажет жағдайда жазалау құқығына ие болған. Ғалым Мустафа Хизметли мухтасиб лауазымының ресми түрде Аббасилер дәуірінде пайда болғанын көрсетеді. Өт-Табари деректерінде халифа әл-Мансур Бағдат базарларын бақылау үшін арнайы тұлғаларды бекіткені айтылады. Осылайша мухтасиб қызметі ислам қоғамында қоғамдық әділеттілікті сақтауда маңызды орын алған.

Ресей патшалығы тұсында *мухтасибтар* ислам тарихындағыдай сауда істерін емес, негізінен діни бақылау қызметін атқарды және олар

ОМДБ-ның мүфтилік аппаратына бағынышты жергілікті бақылаушылар ретінде қарастырылды. XIX ғасырдың соңына қарай ОМДБ-ның статистикалық құжаттарында мухтасибтар туралы деректер кездеспейді, яғни олардың қызметі тоқтап немесе молдалардың міндетіне өткен. ОМДБ құжаттарында мухтасибтардың негізгі міндеті метрикалық кітаптарды жүргізуді бақылау болғаны көрсетіледі. А.Ю. Хабутдинов С.Г. Тевкелев мүфтилігі кезінде мухтасибтардың міндетін «назыр» лауазымына беру әрекеті болғанын айтады, бірақ бұл өзгеріс қазақ даласына айтарлықтай әсер етпеді. 1833 жылы мухтасибтар саны 343 болса, 1855 жылы 66-ға дейін қысқарды [10]. Бұл құбылыс Ресей патшалығының ислам институттарын отарлық жүйеге икемдеу саясатының нәтижесі болды. Патша билігі мухтасибтардың сауда саласындағы дәстүрлі өкілеттігін шектеп, экономикалық қатынастарды империялық заңдармен реттеуді мақсат етті. Мухтасиб лауазымы тек шектеулі діни міндеттер шеңберінде сақталып қалды, бұл – Ресейдің исламдық басқару құрылымын толық бақылауға алу саясатының бір көрінісі еді.

Молла – қазақ даласында ең кең таралған дін иесі. Ол діни оқу беретін ұстаз, мешіт имамы, кей жағдайда шариғи мәселелер бойынша кеңесші ретінде қызмет етті. Патшалық әкімшіліктің талабына сәйкес, молда болу үшін ресми бекітілген адам болуы шарт етілді. Молдалар ОМДБ арқылы тағайындалып, олардың негізгі міндеті мешіттерде жұма намазын өткізу, неке мен талақ рәсімдерін жүргізу,

балаларды оқыту, сонымен қатар патша әкімшілігіне есеп беру болды. Указной молдалардың қазақ даласына енуі бейресми дін білгірлерінің қызметіне қарсы бағытталды. Бейресми дін қызметкерлері ретінде шариғи білімі бар, бірақ «указы» жоқ ишандар мен сопылық тарикат өкілдері кірді. Зерттеуші Ф.А. Адилова «Кісі қайтыс болған жерлерге указной молда немесе оның атынан біреу бармаса, жаназа оқылмай мәйітті сасытып жіберген оқиғалар да кездесті, ал обалсауап деп басқа біреулер жаназа оқып қойса, ол адам указной молда тарапынан қуғынға ұшырайтын. Ондай адамды қайда жүрсе де таптыртып алып жазалатып, айып төлетіп әуре ететін болған соң, жаназаға ешкім жоламай, указной молданы іздеп табу үшін кісісі қайтыс болып, қара жамылып отырған жандар қаражатқа шашылып, қатты әбігер болатын. Молдалардың халық арасында беделінің түсуі ишандар мен сопылардың беделін арттырды. Сауатсыз, надан молдалардан тазару үшін үкімет тарапынан да әрекеттер жасалды. Молдаларды мүмкіндігінше, жергілікті тұрғындардың өз ішінен сайлау туралы ұсыныстар жасалды» [11].

Бұл үш лауазым иелерінің қызметінде ислам тарихындағы дәстүрлі құрылыммен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтар орын алды. Біріншіден, дін иелерінің шариғи автономиясы шектеулі болды. Олар белгілі бір діни шешімдерді өз бетінше қабылдай алмай, патша билігімен келісе отырып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Екіншіден, олардың әкімшілік жүйеге интеграциялануы дін мен

мемлекеттің шекарасын жойып жіберді. Үшіншіден, бұл лауазымдардың патша үкіметі тарапынан материалдық жағынан қолдауға ие болуы діни кадрлардың рухани тәуелсіздігін шектеп, оларды саяси құралға айналдырды. Нәтижесінде, ахун, мухтасиб және молла сияқты діни лауазымдар дәстүрлі ислам қоғамындағыдай рухани көшбасшы болудан гөрі, патша саясатына бейімделген діни-әкімшілік функционерге айналды. Бұл отарлық жағдайдағы ислам құрылымының сипаты мен бағытын түбегейлі өзгерткен, діни кадрлардың тек діни емес, саяси-әлеуметтік рөлге мәжбүрленуінің көрінісі. Патшалық Ресей тұсындағы мұсылман дін қызметкерлерінің міндеттері шариғи нормаларға негізделгенімен, олардың қызметі Орынбор мүфтилігінің әкімшілік құрылымына бейімделіп, зайырлы биліктің бақылауына тәуелді болды. Бұл кезеңде дін иелерінің дәстүрлі қызметтік аясы – діни білім беру, діни рәсімдерді атқару және шариғат негізінде кеңес беру секілді міндеттермен шектелмей, олардың қызметі патша үкіметінің ішкі идеологиялық саясатына қызмет етуге де бағытталды.

Мұсылман дін қызметкерлері ең алдымен құлшылық рәсімдерін ұйымдастырып, мешіттерде жұма және айт намаздарын өткізуге жауапты болды. Сонымен қатар, неке қию, талақ рәсімдерін шариғат ережесіне сай рәсімдеу, жерлеу және жаназа шығару, балаға азан айту, діни мерекелерді атап өту сынды діни міндеттер де молдалар мен ахундардың тұрақты қызметтік саласына кірді. Бұл міндеттер халық арасында діни кадрларға сенім мен

бедел қалыптастыратын негізгі тетік болды. Дін қызметкерлерінің отбасылық-құқықтық мәселелердегі рөлі ерекше атап өтуге тұрарлық. Олар неке мен талақ рәсімдерін шариғат негізінде заңдастырып, үйлену немесе ажырасу актілерін ресми түрде тіркейтін тұлға ретінде танылды. Сонымен қатар мұрагерлік, ажырасқан әйелдің құқығы, бала асырау сынды мәселелерде де молдалар төрелік айту тәжірибесіне ие болды. Бұл қызметтерді атқару үшін молдаға патша әкімшілігінен арнайы рұқсат берілетін және сол рұқсат негізінде ғана олар бұл істермен айналыса алатын. Қазақ даласында дін қызметкерлері әлеуметтік беделге ие бола отырып, кейде билермен қатар қоғамдық дау дамайларды шешуде де белсенділік танытты. Олар кей жағдайда кеңесші, медиатор және ара ағайын рөлін атқарып, тек дін ғана емес, тәртіп пен тыныштық сақтауда да үлес қосты. Алайда бұл жағдай ресми емес, көбіне дәстүрлі қоғам аясындағы беделге негізделген. Ал ресми тұрғыдан олардың әрекеті тек ОМДБ аясында және патша үкіметінің бекіткен шеңберінде ғана жүзеге асырылды.

Үміткердің діни білім деңгейін тексеру тікелей Орынбор діни басқармасының құзыретінде болды. Губерниялық немесе облыстық басқармалар тарапынан молда немесе медресе ұстазы лауазымына ұсынылған тұлғалар арнайы емтихан тапсыру үшін Орынбор мүфтилігіне жіберілді. Сонымен бірге кейбір мұсылман үміткерлер тек қызмет алу үшін ғана емес, өз білімін дәлелдеп, рухани беделін арттыру мақсатында да өз

еркімен емтихан тапсыруға өтініш білдіріп отырған. Мұндай сынаққа қатысу үшін үміткер міндетті түрде өзіне сабақ берген ұстазынан діни білімінің деңгейін сипаттайтын мінездеме құжатын ұсынуы тиіс болды. Бұл құжат діни басқарманың емтиханға рұқсат беру және үміткерді бағалау процесінде негізгі анықтама көзі қызметін атқарды. Орынбор діни басқармасы діни лауазым түріне және оның маңыздылығына қарай емтихан сұрақтарын арнайы әзірлеп отырды. Бұл сұрақтар үміткердің тек теориялық білімі ғана емес, практикалық шеберлігі мен шариғи мәселелерді нақты әрі дәл түсіндіре алу қабілетін де бағалауға бағытталған еді. Зерттеуші Д.Н. Денисов өз еңбегінде діни лауазымға тағайындалу үшін діни басқарма тарапынан үміткерге қойылатын талаптарды нақты сипаттайды. Оның айтуынша, азаншы лауазымына үміткер адамға бірнеше маңызды талаптар қойылған. Біріншіден, үміткер азан мен «камат» дұғасын жатқа білуі және дұрыс дауыстап оқи алуы тиіс болған. Сонымен қатар ол исламның иман шарттарын қамтитын «Әмәнту биллаһ» дұғасын жаттап, оның мазмұнын түсіндіре алуы қажет. Таухид, яғни Алланың жалғыздығы туралы түсінік, сондай-ақ Алланың сипаттарын білу, Мұхаммед пайғамбардың Алланың елшісі екендігін дәлелдермен негіздей білу және оның қысқаша өмірбаянын меңгеру де талаптар қатарында болды.

Үміткер мұсылман күнтізбесін, ай атаулары мен діни мейрамдардың уақытын білуі керек еді. Ол сондай-ақ дұрыс дәрет алу, намаз оқу және

бес уақыт намаздың, жұма мен айт намаздарының оқылу уақытын білуі тиіс болатын. Ораза ұстау уақыты мен ауыз ашу және сәресі мезгілдерін, оразаны бұзатын себептер мен оның орнын толтыру жолдарын да меңгеруі міндеттелген. Жаназа рәсімдерін білу – яғни, марқұмды жуындыру, кебіндеу, жаназа намазын оқу және жерлеу тәртібін түсіну де азаншыға қойылатын маңызды талаптардың бірі болды. Сонымен қатар Құран аяттарын оқи алу, әсіресе «Ясин» сүресінен үзінділерді жатқа оқи білу де маңызды талаптардың қатарына кірді [12].

Ал, молда немесе ұстаз лауазымына үміткер дін қызметкерлеріне қойылатын талаптар бұдан әлдеқайда ауқымды және тереңірек болды. Олар, ең алдымен, «Әмәнту биллаһ» дұғасының мазмұнын түсіндірумен қатар, Алланың бар және жалғыз екендігін Құран мен ислам шариғатының әдебиеттеріне сүйеніп дәлелдеп көрсетуі қажет еді. Мұхаммед пайғамбардың Алланың елшісі екенін айғақтайтын дәлелдер келтірумен қатар, оның өмірбаянын және мұғжизаларын білу де талап етілді. Осыларға қосымша исламдағы төрт мәзһаб – Ханафи, Шафиғи, Мәлики және Ханбали мәзһабтарының ерекшеліктерін ажырата білу қабілеті де маңызды болды.

Бес уақыт намаздың маңызын, оның рухани мәнін және адамның Жаратушы алдындағы жауапкершілігін түсінікті әрі қисынды түрде жамағатқа жеткізе білу дін қызметкерінің міндеті болды. Намаздың негізгі шарттары – «фард әс-салат» (міндетті амалдар), «уаджиб әс-салат» (міндеттіге жақын

амалдар), сондай-ақ намазды бұзатын әрекеттер – «муфсид әс-салат» туралы нақты білу талап етілді. Жұма және айт намаздарының оқылу тәртібі мен уақытын, олардың шариғаттағы орнын білу де міндетті шарттардың қатарында болды. Әрі бес парыздың мән-мағынасын, олардың кімге міндетті екенін және қандай жағдайларда адам шариғат бойынша бұл парыздардан босатылатынын білу талабы қойылды.

Неке қию рәсімі мен оның шариғи шарттарын, сондай-ақ неке бұзылған жағдайда туындайтын әлеуметтік және құқықтық салдарларды ерлі-зайыптыларға түсіндіру және олардың некелерін сақтау жолдарын ұсыну да молда мен ұстаздың қызметіне кірді. Бұдан бөлек, араб тілінің морфологиялық (сарф) және синтаксистік (наху) ережелерін меңгеріп, сол сала бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алу – Құран мен шариғат мәтіндерінің мазмұнын дұрыс түсініп, оны жамағатқа жеткізу үшін керек болды.

Дін қызметкері ортағасырлық фикһ әдебиетінің негізін құрайтын Убайдулла ибн Масғудтың «Мұхтасар әл-уикоя» атты еңбегін оқи алуы және оның мазмұнын түсіндіре білуі тиіс еді. Сонымен қатар фикһ ғылымындағы мирас ілімі туралы білімінің болуы және Құранды орфоэпиялық тұрғыда дұрыс – яғни, тәджуид ережелеріне сай оқу қабілеті де міндетті талаптар санатына жатты.

Медресе басшысы немесе бас имам лауазымына үміткерлер діни ілімді терең меңгеріп, араб тілін жетік білулері қажет болды. Оларға сынақ

ретінде күрделі діни мәтіндерді аудару және түсіндіру тапсырмалары жүктелді. Бұл сынақтар барысында сүнниттік бағыттағы ең беделді хадис жинақтарының бірі – Мұхаммед әл-Бұхаридың «әл-Жами' әс-Сахих» және Бұрхануддин әл-Маргинанидың «әл-Хидая» сияқты еңбектерінен сұрақтар қойылды. Бұл жинақтар мұсылман әлемінде ғана емес, түркі халықтары арасында да кеңінен танымал және қолданыста болған фикһтық еңбектер қатарында болды. Бұл кітаптарда келтірілген пәтуалар түркі халықтарының салт-санасына сай келетіндіктен, XIV ғасырдан бері Орта Азия мұсылмандарының арасында қолданылып келе жатқан.

Діни қызметке үміткерге арналған сынақтар кей жағдайда облыстық немесе губерниялық басқармалардың сұранысымен ұйымдастырылды. Бұл сынақтардың нәтижелері діни кеңестің шешімі ретінде тиісті басқарма органдарына жолданып отырды. Талапкерлерге олардың діни білімі мен лауазым дәрежесін растайтын куәлік қағаздары берілді. Мұндай тәртіп арқылы патшалық Ресей билігі діни кадрларды өз бақылауында ұстауға барынша тырысты. Осыдан келіп, халық арасында «указной молда» деген атау қалыптасты. Бұл атау жоғары жақтан арнайы жарлықпен (указбен) бекітілген дін қызметкерлеріне қатысты айтылған еді. Дін қызметкерлерінің шендеріне қойылатын жас талаптары да назардан тыс қалмаған. 1855 жылдың 14 ақпанында Мемлекеттік кеңестің келісімімен бекітіліп, 15 наурызда жарияланған Жарғыда Таврикалық және Орынбор мұсылман діни

бірлестіктерінде діни қызметке тұру үшін нақты жас шектері белгіленді: қазылар, ахундар, мұхтасибтар және мүдәрістер үшін – жиырма бес жас, хатиб пен имамдар үшін – жиырма екі жас, азаншылар үшін – жиырма бір жастан төмен болмауы керек деп көрсетілді [1, 148 б.]. Осылайша, мұхтасиб лауазымы ресми түрде бекітіліп, жасы да анықталды. Алайда қазақ даласында қызмет еткен мұхтасибтер туралы деректер аз кездеседі. Бұл салаға байланысты толыққанды зерттеу қажеттілігі байқалады. 1855 жылғы жарғының қабылдануына дейін жас ерекшеліктеріне қатты мән берілмегенін С.Ғылманидың еңбегінен көруге болады. Ол Сәлмен Мұхаммедиярұлының 11 жасында Уфа қаласында атасымен бірге барып, молдалық куәлік алғанын баяндайды [13]. Сарымолланың куәлік алу мерзімі шамамен 1840 жылдарға тиесілі. Бұл жағдай ОМДБ аппаратының діни кадрларды бекітуде жүйеленген талаптарсыз жұмыс істегенін көрсетеді. Сондықтан патша әкімшілігі арнайы жас мөлшерін бекіту арқылы мұндай ретсіздіктің алдын алуға ұмтылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе мүфтилік жүйесі арқылы дін қызметкерлері мемлекеттік бақылауға алынып, исламның қоғамдық өмірдегі ықпалы белгілі бір шеңберде шектелгенін айта аламыз. Бұл жүйе патша билігінің отарлық мақсаттарына қызмет еткенмен, діни білімнің таралуына, мешіттер мен медреселердің ашылуына, мұсылмандық мәдениеттің сақталуына да елеулі үлес қосты.

Татар және башқұрт молдаларының қазақ даласындағы қызметі ерекше маңызға ие. Олар шариғат негіздерін үйрету, қазақ даласында діни білімді таратуда орны айрықша болды. Олардың еңбегі исламның ресми және жүйелі түрде орнығуына ықпал етті. Бұл қызмет барысында кейбір молдалардың патшалық әкімшіліктің талабына сай жұмыс істеген тұстары болғанымен, олардың көпшілігі шынайы діни насихат пен ағартушылық жолында еңбек етті.

Мұхтасибтар, ахундар және молдалар тәрізді діни кадрлардың қызметі діни саламен шектелмей, белгілі бір дәрежеде әкімшілік міндеттермен де ұштастырылды. Әсіресе мұхтасибтардың классикалық исламдағы рөлі мен Ресейдегі қызметінің өзгерісі ислам институттарының отарлық жағдайда бейімделу сипатын көрсетті. Патша әкімшілігі ислам институттарының шынайы дербестігін шектеп, діни басқару құрылымын тар аяда ұстауға тырысты. Соның нәтижесінде мұхтасибтар сияқты дәстүрлі қызметтер өзінің алғашқы маңызынан айырылып, діни өмірдің тек шектеулі салаларын ғана қамтыды.

Сонымен бірге патша үкіметінің діни кадрлар саясаты ислам дінінің толық шектелуіне емес, оның басқарылатын, бақыланатын түрін қалыптастыруға бағытталды. Бұл саясаттың өз заманында мұсылман халықтарының діни өміріне қайшылықты әсер еткенімен, ислам дінінің қазақ даласында сақталып қалуына да жағдай жасағанын жоққа шығаруға болмайды.

Орынбор мүфтилігі арқылы қалыптасқан діни кадрлар жүйесі бүгін-

гі Қазақстан мен Ресей арасындағы тарихи-мәдени байланыстардың бір құрамдас бөлігі болып саналады. Татар және башқұрт молдаларының қазақ даласындағы ағартушылық қызметі үш халықтың ортақ діни-рухани тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде қабылдануы керек.

Бүгінгі таңда бұл тарихи кезеңге әділетті баға беру үшін саяси жағ-

дайлар мен отарлық кезең ерекшеліктерін ескерумен қатар, діни қызметкерлердің рухани еңбегін, халықтар арасындағы мәдени ықпалдастықты жоғары бағалау жөн. Қазақ, татар және башқұрт халықтарының мұсылмандық ортақ тарихы қазіргі замандағы рухани бірліктің негізін қалаушы факторлардың бірі болып қала береді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Арапов Д.Ю. Ислам в Российской империи: законодательные акты, описания, статистика. Академкнига, 2001. – 368 p.
2. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I (V в. до н. э. – XVIII в.). Алма- / ed. Асфендиарова С., Кунте П. Алма-Ата, 1935. – 380 p.
3. Мирзагелдиев Б., Рахимбетов Р. Патшалық Ресейдің дін қызметкерлерін ынталандыру.
4. Хабутдинов А.Ю. Религиозное самоуправление и шариатское семейное право в России: опыт Оренбургского магометанского духовного собрания в конце XVIII – первой четверти XIX в // Евразия: Духовные традиции народов. Автономная некоммерческая организация высшего образования Российский ..., 2012. № 2. – P. 117-123.
5. Hamid A. Ahund [Electronic resource] // TDV İslam Ansiklopedisi. URL: <https://islamansiklopedisi.org.tr/ahund> (accessed: 26.04.2021).
6. Султангалиева Г. Деятельность ахуна М-Ш.Абдрахимова в Казахской степи (XIX в.) [Electronic resource]. 2012. URL: <https://articlekz.com/article/7256> (accessed: 17.06.2021).
7. Мирзагелдиев Б., Рахимбетов Р. Қазақ қоғамындағы мұсылман дін қызметкерлерінің лауазымдық ерекшеліктері XVIII ғасыр соңы – XX ғасыр басы. Алматы: Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019. – P. 118-123.
8. Hizmetli M. Abbasilerde hisbe ve muhtesib Bağdat örneği // Hisba and muhtasib in Abbasid period the case of Baghdad. Journal of History Culture and Art Research, 2017. – P. 425-443.
9. Hisbe - İslâm devletlerinde genel ahlâkı, kamu düzenini korumak ve denetlemekle görevli teşkilât [Electronic resource] // TDV İslâm Ansiklopedisi. URL: <https://islamansiklopedisi.org.tr/hisbe> (accessed: 26.04.2025).
10. Мирзагелдиев Б.А. Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару (Орынбор мүфтилігі мысалында). 2022.
11. Фарида Адилова Ауелхановна. Қазақ қоғамының саяси әміріндегі Орынбор мүфтилігінің орны мен қызметі (XVIII ғ. аяғы – XX ғ. басы): 07.00.02 – Отан тарихы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қазақстан, Алматы, 2010. – 147 p.
12. Денисов Д.Н. Требования к кандидатам на мусульманские духовные должности в округе Оренбургского магометанского духовного собрания (конец XVIII начало

XX века) // Вестник Оренбургского государственного университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2012. № 5 (141).

13. С. Ғылмани Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары / ed. Муминов А., Дж. Франк А. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. Vol. 1. – 573 p.

REFERENCES

1. Arapov, D. Yu. Islam v Rossiiskoi imperii: zakonodatel'nye akty, opisaniia, statistika. Akademkniga, 2001.

2. Proshloe Kazakhstana v istochnikakh i materialakh. Sbornik I (V v. do n.e. – XVIII v.). Edited by S. Asfendiarova and P. Kunte, Alma-Ata, 1935.

3. Mirzageldiev, B., and R. Rashimbetov. «Patshalyq Reséidin din qyzmetkerlerin yntalandyru».

4. Khabutdinov, A. Yu. «Religioznoe samoupravlenie i shariatskoe semeinoe pravo v Rossii: opyt Orenburgskogo magometanskogo dukhovnogo sobraniia v kontse XVIII – pervoi chetverti XIX veka». Evraziia: Dukhovnye traditsii narodov, no. 2, 2012, pp. 117-123.

5. Hamid, A. “Ahund.” TDV İslam Ansiklopedisi, <https://islamansiklopedisi.org.tr/ahund>. Accessed 26 Apr. 2021.

6. Sultangalieva, G. “Deiatel’nost’ akhuna M-Sh. Abdrekhimova v Kazakhskoi stepi (XIX v.)” articlekz.com, 2012, <https://articlekz.com/article/7256>. Accessed 17 June 2021.

7. Mirzageldiev, B., and R. Rashimbetov. Qazaq qoғamynдағы мұсылман din qyzmetkerleriniñ laғazyндық ereksheликтери XVIII ғасыр соңы – XX ғасыр басы. Al-Farabi Kazakh National University, 2019, pp. 118-123.

8. Hizmetli, M. «Abbasilerde hisbe ve muhtesib Bağdat örneği // Hisba and muhtasib in Abbasid period – the case of Baghdad». Journal of History Culture and Art Research, 2017, pp. 425-443.

9. «Hisbe». TDV İslâm Ansiklopedisi, <https://islamansiklopedisi.org.tr/hisbe>. Accessed 26 Apr. 2025.

10. Mirzageldiev, B. A. Patshalyq Reséi túсындағы Qazaqstandaғы мұсылмандық басқары (Orynbor мұftилигі mysalynda). 2022.

11. Adilova, Farida Auelkhanovna. Qazaq qoғamynyñ saіási ómirindeгі Orynbor мұftилигіniñ orny men qyzmeti (XVIII ғ. ayaғы – XX ғ. basy). Dissertation, Al-Farabi Kazakh National University, 2010.

12. Denisov, D. N. «Trebovaniia k kandidatam na musul'manskіe dukhovnye dolzhnosti v okruge Orenburgskogo magometanskogo dukhovnogo sobraniia (konets XVIII – nachalo XX veka)». Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta, no. 5 (141), 2012.

13. Gylmani, S. Zamanamyзда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. Edited by A. Muminov and A. Dzh. Frank, vol. 1, Daik-Press, 2013.